

**"Жеңілдігі бар адамдарға (Ұлы Отан соғысының, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері мен Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарын жоюға қатысушыларға) анықтамалар беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2021 жылғы 4 тамыздағы № 500 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 4 тамызда № 23848 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2023 жылғы 28 қазандағы № 1100 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қорғаныс министрінің 28.10.2023 № 1100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Жеңілдігі бар адамдарға (Ұлы Отан соғысының, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері мен Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарын жоюға қатысушыларға) анықтамалар беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары бекітілсін.

#### 2. Мыналардың:

1) "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 14 наурыздағы № 113 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15393 болып тіркелген);

2) "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 14 наурыздағы № 113 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2019 жылғы 11 маусымдағы № 442 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18846 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды;

4) мемлекеттік тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторына, Қорғаныс министрлігінің жергілікті әскери басқару органдарына және облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына жолдауды қамтамасыз етсін.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 04.01.2023 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

1.5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс министрі*

*Н. Ермекбаев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрінің  
2021 жылғы 4 тамыздағы  
№ 500 бұйрығымен бекітілген

**"Жеңілдігі бар адамдарға (Ұлы Отан соғысының, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері мен Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарын жоюға қатысушыларға) анықтамалар беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Жеңілдігі бар адамдарға (Ұлы Отан соғысының, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері мен Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарын жоюға қатысушыларға) анықтамалар беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасында жеңілдігі бар адамдарға (Ұлы Отан соғысының, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері мен Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарын жоюға қатысушыларға) анықтамалар беру тәртібін айқындайды.

2. "Жеңілдігі бар адамдарға (Ұлы Отан соғысының, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері мен Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарын жоюға қатысушыларға) анықтамалар беру" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) қорғаныс істері жөніндегі басқармалар мен бөлімдер арқылы жергілікті әскери басқару органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішті қабылдау [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 04.01.2023 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

4. Қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұнын және нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптар, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну ерекшеліктері ескерілген өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің нысанында мазмұндалған.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 04.01.2023 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттары туралы, тұрғылықты жері немесе уақытша келген орны бойынша тіркелуі туралы

мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

6. "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеңілдігі бар жеке тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) анықтама алу үшін порталға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) немесе бірреттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында өтініш береді.

7. Сұрау салуды өңдеу Қорғаныс министрлігі жұмылдыру ресурстары автоматтандырылған жүйесінің интеграциялық шлюзінде (бұдан әрі – ҚМ ИШ) 5 (бес) минут ішінде жүзеге асырылады. ҚМ ИШ-та мәліметтер бар болған кезде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-сықойылған электрондық құжат нысанындағы анықтама көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

8. ҚМ ИШ-да әскери қызмет өткеру кезеңі мен орны туралы ақпарат болмаған кезде көрсетілетін қызметті беруші өтінішті тіркеуді жүзеге асырады және оны орындау үшін жауапты орындаушыға береді. Бұл ретте осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кейіннен көрсетілетін қызметті алушыны 1 (бір) жұмыс күні ішінде мерзімді ұзарту туралы хабардар ете отырып, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі ұзартылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі мынадай жағдайларда:

Қазақстан Республикасының тиісті органдарынан растауды алу қажет болған кезде 30 (отыз) жұмыс күніне дейін;

бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы елдерінің архивтерінен ақпарат алу қажет болған кезде 90 (тоқсан) жұмыс күніне дейін ұзартылады.

9. Көрсетілген мерзімдер аяқталған кезде 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" анықтама, не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама жолданады.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту:

көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) нақты еместігі анықталған;

көрсетілетін қызметті алушы және (немесе) ұсынылған мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті материалдар, деректер және мәліметтер осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;

уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін келісу туралы сұрау салуға жауабы теріс болған, сондай-ақ

сараптаманың, зерттеудің не тексерудің қорытындысы теріс болған жағдайларда жүзеге асырылады.

11. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

### **3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша лауазымды адамдардың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

12. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шағымды шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті берушіге, лауазымды адамға береді.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы шешім қабылдаса, әрекет жасаса, шағымды оны қарайтын органға жолдамайды.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Егер Заңда өзге көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 04.01.2023 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Жеңілдігі бар адамдарға  
(Ұлы Отан соғысының, басқа  
мемлекеттердің аумағындағы  
ұрыс қимылдарының  
ардагерлері мен Чернобыль атом  
электр станциясындағы апаттың  
салдарын жоюға  
қатысушыларға) анықтамалар  
беру" мемлекеттік қызметін  
көрсету қағидаларына  
1-қосымша

**Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 04.01.2023 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы "Жеңілдігі бар адамдарға (Ұлы Отан соғысының, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері мен Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарын жоюға қатысушыларға) анықтамалар беру"		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	ҚР ҚМ жергілікті әскери басқару органдары
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал)
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) мемлекеттік ақпараттық жүйеде мәліметтер бар болған кезде – 5 (бес) минут; 2) мемлекеттік ақпараттық жүйеде мәліметтер болмаған кезде – 1 (бір) жұмыс күні; 3) анықтама беру үшін ақпарат және қажетті мәліметтер болмаған кезде мерзім 30 (отыз) жұмыс күніне дейін ұзартылады. Жергілікті әскери басқару органы кейіннен көрсетілетін қызметті алушыны бір жұмыс күні ішінде мерзімді ұзарту туралы хабардар ете отырып, сұрау салынған ақпаратты растау үшін тиісті органдарға сұрау салу жолдайды; 4) бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы елдерінің архивтерінен ақпарат алу қажет болған жағдайда кейіннен көрсетілетін қызметті алушыны бір жұмыс күні ішінде мерзімді ұзарту туралы хабардар ете отырып, анықтама беру мерзімі 90 (тоқсан) жұмыс күніне дейін ұзартылады.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Жеңілдігі бар адамдарға (Ұлы Отан соғысының, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері мен Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарын жоюға қатысушыларға) көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанындағы анықтамалар беру не осы Тізбенің 9-бөлімінде көзделген жағдайлар мен негіздер


		<p>бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.</p>
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызмет алушыдан алынатын төлем көлемі және ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін;</p> <p>2) порталдың – жөндеу жұмыстары жүргізілуіне байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде өтініш қабылданған күн келесі жұмыс күні болып табылады).</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <p>1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің <a href="http://www.mod.gov.kz">www.mod.gov.kz</a> интернет-ресурсында;</p> <p>2) <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> порталында орналастырылған.</p>
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан	<p>Жеңілдігі бар адамдарға (Ұлы Отан соғысының, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері мен Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарын жоюға қатысушыларға) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы анықтама беруге өтініш.</p>

	талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттары туралы, тұрғылықты жеріне немесе уақытша болатын орнына тіркелгені туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіз	<p>Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуді ұсынудан бас тартады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) нақты еместігін анықтау;</li> <li>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті материалдардың, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</li> <li>3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін келісу туралы сұрау салуға теріс жауабы, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы.</li> </ol>
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушының қашықтан қолжетімділік режимінде көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметі Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны арқылы мемлекеттік қызмет көрсету белгісі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы бар болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің <a href="http://www.mod.gov.kz">www.mod.gov.kz</a></p>



		<p>интернет-ресурсында, сондай-ак Мемлекеттік корпорацияның <a href="http://www.gov4c.kz">www.gov4c.kz</a> интернет-ресурсында орналастырылған. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны арқылы алуға болады.</p>
--	--	--

"Жеңілдігі бар адамдарға (Ұлы Отан соғысының, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері мен Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарын жоюға қатысушыларға) анықтамалар беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан



Бірегей нөмір  
Уникальный номер 10100005854446  
Алу күні мен уақыты  
Дата и время получения \_\_. \_\_. 20\_\_

№ \_\_\_\_\_ "Тіркеу нөмірі" \_\_\_\_\_ "Өтінішті беру күні"

**Жеңілдігі бар адамдарға (Ұлы Отан соғысының, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері мен Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарын жоюға қатысушыларға) анықтама беруге өтініш**

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (Ұлы Отан соғысының, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ растайтын мен Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарын жоюға қатысушыларға)

\_\_\_\_\_ анықтама беруіңізді сұраймын.

Қашан және қандай қорғаныс істері жөніндегі департамент (басқарма, бөлім) (әскери комиссариат) әскерге шақырды

Сұрау салынған кезеңдегі әскери атағы мен лауазымы \_\_\_\_\_

Әскер тегі, әскери бөлімнің нөмірі, бағыныстылығы мен орналасқан жері \_\_\_\_\_

Қызмет, жұмыс кезеңі (келген және кеткен жылы, айы) \_\_\_\_\_

Жеңілдікке құқық туралы куәліктің № \_\_\_\_\_ берілген күні  
Кім және қашан берді \_\_\_\_\_

Қосымша мәліметтер \_\_\_\_\_

Өтініш өзіне не туысқанына ресімделеді.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

"Жеңілдігі бар адамдарға  
(Ұлы Отан соғысының, басқа  
мемлекеттердің аумағындағы  
ұрыс қимылдарының  
ардагерлері мен Чернобыль атом  
электр станциясындағы апаттың  
салдарын жоюға  
қатысушыларға) анықтамалар  
беру" мемлекеттік қызметін  
көрсету қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

№ \_\_\_\_\_ "Тіркеу нөмірі" \_\_\_\_\_ "Өтінішті беру күні"

## Анықтама

\_\_\_\_\_ "Тегі", "Аты", "Әкесінің аты" (ол бар болған кезде), \_\_\_\_\_ "Туған күні", туған жылы, шынымен \_\_\_\_\_ жж. кезеңінде \_\_\_\_\_


Анықтама талап ету орнына ұсыну үшін берілді.

Анықтаманың берілген күні \_\_\_\_\_ "Берілген күні".


Анықтама жарамды: мерзімсіз.

Деректер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ақпараттық жүйесінен ұсынылды.

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатқа тең.



"Жеңілдігі бар адамдарға (Ұлы Отан соғысының, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері мен Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарын жоюға қатысушыларға) анықтамалар беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына  
4-қосымша  
Нысан



Бірегей нөмір  
Уникальный номер 10100005854446  
Алу күні мен уақыты  
Дата и время получения \_\_\_\_\_.20\_\_

№ \_\_\_\_\_ "Тіркеу нөмірі" \_\_\_\_\_ "Өтінішті беру күні"

## Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін ұзарту туралы хабарлама

Құрметті \_\_\_\_\_

(тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болған кезде))

Анықтама беру үшін қажетті мәліметтердің жеткіліксіз болуына байланысты

(тиісті органның атауы)

\_\_\_\_\_ қолда бар ақпаратты растау үшін

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ сұрау салу жолдады.

(күні) (шығыс нөмірі)


Қағидаларға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 30 (отыз) немесе 90 (тоқсан) жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің дайын болуы туралы қосымша хабарланатын болады.

Жауап берілген күн: \_\_\_\_\_

Деректер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ақпараттық жүйесінен ұсынылды.

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатқа тең.



"Жеңілдігі бар адамдарға  
(Ұлы Отан соғысының, басқа  
мемлекеттердің аумағындағы  
ұрыс қимылдарының  
ардагерлері мен Чернобыль атом  
электр станциясындағы апаттың  
салдарын жоюға  
қатысушыларға) анықтамалар  
беру" мемлекеттік қызметін  
көрсету қағидаларына  
5-қосымша  
Нысан



Құжат электрондық үкімет порталымен құрылған  
Документ сформирован порталом электронного правительства

Бірегей нөмір  
Уникальный номер

10100005854446

Алу күні мен уақыты  
Дата и время получения

\_\_ . \_\_ . 20 \_\_

№ \_\_\_\_\_ "Тіркеу нөмірі" \_\_\_\_\_ "Өтінішті беру күні"

**Жеңілдігі бар адамдарға (Ұлы Отан соғысының, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері мен Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарын жоюға қатысушыларға) анықтамалар беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама**

Құрметті \_\_\_\_\_

(тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болған кезде)

Сіздің \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ өтінішіңіз бойынша жеңілдікке анықтама беруден бас тартылды. Жүйеде ұсынылған ақпарат бойынша мәліметтер жоқ.

Бас тарту себебі: Сіздің деректеріңіз тізімдерде жоқ.

Жауап берілген күн: \_\_\_\_\_

Мәліметтер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ақпараттық жүйесінен ұсынылды.

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатқа тең.

